2	әр 20 минут сайын	үзіліссіз режимде	№1 өрт сөндіру бөлімінің маңы (Гагарин көшесі, №25 үйдің ауданы)	PM-10 қалқыма бөлшектері, аммиак, азот диоксиді, күкірт диоксиді, азот оксиді, көміртегі сутек, гамма сәулеленудің қуаттылығының дозасы
3			Киров атындағы саябақтың маңы (Даумов көшесі)	PM-10 қалқыма бөлшектері, аммиак, азот диоксиді, күкірт диоксиді, азот оксиді, көміртегі сутек, гамма сәулеленудің қуаттылығының эквиваленттік дозасы, озон (жербетті)
5			Мұхит көшесі («Мирлан» базарының ауданы)	PM-2,5 қалқыма бөлшектері, PM-10 қалқыма бөлшектері, аммиак азот диоксиді, күкірт диоксиді, көміртегі оксиді, азот оксиді, күкіртті сутек, озон (жербеті)



7.1-сурет. Орал қаласының атмосфералық ауа ластануын бақылау стационарлық желісінің орналасу сызбасы

Атмосфераның ластануын жалпы бағалау. Стационарлық бақылау желісінің деректері бойынша (7.1-сур.) қаланың атмосфералық ауаның жалпы ластану деңгейі **көтеріңкі** болып бағаланды, СИ=3 (көтеріңкі деңгей) PM-10

қалқыма бөлшектері бойынша №3 (Киров атындағы саябақтың маңы (Даумов көшесі) бекет аумағында және ЕЖҚ=2% (көтеріңкі деңгей) күкіртті сутегі бойынша №5 (Мұхит көшесі («Мирлан» базарының ауданы) бекет аумағында анықталды. (1,2 сур.)

Орташа айлық шоғырлары бойынша ластаушы заттар ШЖШ-дан аспады.

PM-2,5 қалқыма бөлшектері бойынша максималды бір-реттік шоғырлары 1,3 ШЖШ_{м.б.}, PM-10 қалқыма бөлшектері – 2,6 ШЖШ_{м.б.}, көміртегі оксиді – 2,3 ШЖШ_{м.б.}, күкіртті сутегі – 1,1 ШЖШ_{м.б.} құрады, басқа ластаушы заттардың шоғырлары ШЖШ-дан аспады.

Жоғары ластану (ЖЛ) және экстремалды жоғары ластану (ЭЖЛ) жағдайлары тіркелген жоқ.



7.2 Ақсай қаласы бойынша атмосфералық ауаның ластану жай-күйі

Атмосфералық ауаның жай-күйіне бақылау 2 стационарлық бекетте жүргізілді (7.2-сур., 7.2-кесте).

7.2-кесте

Бақылау бекеттерінің орналасу орны мен анықталатын қоспалар

Бекет нөмірі	Сынама мерзімі	Бақылау жүргізу	Бекет мекен-жайы	Анықталатын қоспалар
4	әр 20 минут сайын	үзіліссіз режимде	Утвинская көшесі, 17	аммиак, PM-10 қалқыма бөлшектері, азот диоксиді, күкірт диоксиді, азот оксиді, көміртегі оксиді, күкіртті сутек, гамма сәулеленудің эквиваленттік дозасының қуаттылығы, озон (жербетті)
7	әр 20 минут сайын	үзіліссіз режимде	Заводская көшесі, 35	аммиак, азот диоксиді, күкірт диоксиді, азот оксиді, күкіртті сутегі, озон (жербетті)



7.2-сурет. Ақсай қаласының атмосфералық ауа ластануын бақылау стационарлық желісінің орналасу сызбасы

Атмосфераның ластануын жалпы бағалау. Стационарлық бақылау желісінің деректері бойынша (7.1-сур.) қаланың атмосфералық ауаның жалпы ластану деңгейі **көтеріңкі** болып бағаланды, СИ=3 (көтеріңкі деңгей) азот диоксиді бойынша №7 (Заводская көшесі, 35) бекет аумағында және ЕЖҚ=0% (төмен деңгей) анықталды. (1,2 сур.).

**БҚ сәйкес, егер СИ пен ЕЖҚ әртүрлі градацияға түссе, онда атмосфераның ластану деңгейі осы көрсеткіштердің ең жоғарғы мәні бойынша бағаланады.*

Озонның (жербеті) орташа айлық шоғыры 1,0 ШЖШ_{0.т.} құрады, басқа ластаушы заттар ШЖШ-дан аспады.

Азот диоксиді бойынша максималды бір-реттік шоғырлары 2,6 ШЖШ_{м.б.}, күкіртті сутегі – 1,2 ШЖШ_{м.б.} құрады, басқа ластаушы заттардың шоғырлары ШЖШ-дан аспады.

Жоғары ластану (ЖЛ) және экстремалды жоғары ластану (ЭЖЛ) жағдайлары тіркелген жоқ.

7.3 Январцево кенті бойынша атмосфералық ауаның жай-күйі


Атмосфералық ауаның жай-күйіне бақылау 1 стационарлық бекетте жүргізілді (7.3-сур., 7.3-кесте).

7.3-кесте

Бақылау бекеттерінің орналасу орны мен анықталатын қоспалар

Бекет нөмірі	Сынама мерзімі	Бақылау жүргізу	Бекет мекен-жайы	Анықталатын қоспалар
--------------	----------------	-----------------	------------------	----------------------

6	әр 20 минут сайын	үзіліссіз режимде	Рабочая к-сі, 16	аммиак, азот диоксиді, азот оксиді, көміртек оксиді, озон (жербетті)
---	-------------------	-------------------	------------------	--



7.3-сурет. Январцево кентінің атмосфералық ауа ластануын бақылау стационарлық желісінің орналасу сызбасы

Атмосфераның ластануын жалпы бағалау. Стационарлық бақылау желісінің деректері бойынша (7.3-сур.) кенттің атмосфералық ауасы жалпы ластану деңгейі *төменгі* болып бағаланды, СИ=1 (төмен деңгей), ЕЖҚ=0% (төмен деңгей) мәндерімен анықталды (1, 2 сур.).

Озонның (жербеті) орташа айлық шоғыры -1,5 ШЖШ_{о.т.} құрады, басқа ластанушы заттар ШЖШ-дан аспады.

Озон (жербеті) бойынша максималды бір-реттік шоғырлары - 1,0 ШЖШ_{м.б.} құрады, басқа ластанушы заттардың шоғырлары ШЖШ-дан аспады.

Жоғары ластану (ЖЛ) және экстремалды жоғары ластану (ЭЖЛ) жағдайлары тіркелген жоқ.

7.4 Батыс Қазақстан облысы аумағындағы жер үсті суларының сапасы

Батыс Қазақстан облысы аумағындағы жер үсті сулары сапасын бақылау 6 нұсанында Жайық, Шаған, Деркөл, Елек, Сарыөзен, Қараөзен өзендерінде жүргізілді.

Бірыңғай жіктеу бойынша су сапасы келесідей бағаланады:

Жайық өзені:

- тұстама Январцево ауылы: су сапасы 5 класқа жатады: қалқыма заттар – 25мг/ л. Қалқыма заттардың нақты концентрациясы фондық класстан аспайды.

- тұстама Орал қаласынан 0,5 км жоғары: су сапасы 4 класқа жатады: қалқыма заттар – 23мг/ л. Қалқыма заттардың нақты концентрациясы фондық класстан аспайды.

- тұстама Орал қаласынан 11,2 км төмен,гидробекеті: су сапасы 3 класқа жатады: ОБТ₅– 4,84 мг/дм³. ОБТ₅ нақты концентрациясы фондық класстан асады.

Жайық өзені бойынша су температурасы 19,0-19,2 ° С , сутегі көрсеткішінің орташа мәні 7,53-7,69 құрады, суда ерітілген оттегінің концентрациясы орта есеппен 14,52-18,69 мг / дм³, ОБТ₅ орташа 2,32-4,88 мг / дм³ құрады,түсі 9-12 градусқа дейін; иісі - барлық тұстамада 0 балл.

Жайық өзенінің ұзындығы бойынша су сапасы 4 класқа жатады: қалқыма заттар – 22,6мг/ л.

Шаған өзені:

- тұстама Шаған өзеніннің сағасынан 0,5 км жоғары:су сапасы 3 класқа жатады: ОБТ₅ – 4,87 мг/дм³. ОБТ₅ нақты концентрациясы фондық класстан асады.

- тұстама Орал қаласынан 0,4 км жоғары, шұңқырдан 1 км жоғары. су сапасы 3 класқа жатады: ОБТ₅ – 4,87 мг/дм³. ОБТ₅ нақты концентрациясы фондық класстан асады.

Шаған өзені бойынша судың температурасы 21,2-21,5° С , сутек көрсеткіші 7,55-7,57 құрады, суда ерітілген оттегінің концентрациясы 10,56-18,69 мг/дм³, ОБТ₅ 4,87мг/дм³ құрады, түсі – 11-12 градус, иісі - 0 балл.

Шаған өзенінің ұзындығы бойынша су сапасы 3 класқа жатады: ОБТ₅ – 4,87 мг/дм³.

Деркөл өзені:

– тұстама Селекционный ауылы: су сапасы 4 класқа жатады: қалқыма заттар – 27 мг/л. Қалқыма заттардың нақты концентрациясы фондық класстан аспайды.

Деркөл өзені бойынша су температурасы 21,0 °С, сутегі көрсеткіші 7,53 құрады, суда еріген оттегінің концентрациясы 16,26мг/дм³, ОБТ₅ 2,44 мг/дм³ құрады,түсі – 11 градусқа дейін; иісі - 0 балл.

Елек өзені:

– тұстама Шілік ауылы: су сапасы нормаланбайды(>5класс): хлоридтер – 737,36 мг/л. Хлоридтер концентрациясы фондық класстан асады.

Елек өзені бойынша су температурасы 21,0°С, сутегі көрсеткіші 7,57құрады, суда еріген оттегінің концентрациясы 13,00 мг/дм³, ОБТ₅ 2,03 мг/дм³ құрады,түсі-12 градусқа дейін; иісі - 0 балл.

Сарыөзен өзені:

– тұстама Бостандық ауылы: су сапасы нормаланбайды(>5класс): хлоридтер – 510,48 мг/л. Хлоридтер концентрациясы фондық класстан аспайды.Сарыөзен өзені бойынша су температурасы 19,2°С, сутегі көрсеткіші 7,74 құрады, суда еріген оттегінің концентрациясы 14,63 мг/дм³, ОБТ₅ 2,46 мг/дм³ құрады,түсі-12 градусқа дейін; иісі - 0 балл.

Қараөзен өзені:

– тұстама Жалпақтал ауылы: су сапасы нормаланбайды(>5класс): хлоридтер – 560,11 мг/л. Хлоридтер концентрациясы фондық класстан аспайды.Қараөзен өзені бойынша су температурасы 19,0°С, сутегі көрсеткіші 7,76 құрады, суда еріген

оттегінің концентрациясы 18,69 мг/дм³, ОБТ₅ 4,06 мг/дм³ құрады, түсі-11 градусқа дейін; иісі - 0 балл.

Бірыңғай жіктеме бойынша 2019 жылғы тамыздағы Батыс Қазақстан облысы аумағындағы су объектілерінің су сапасы былайша бағаланады: 3 класс – Шаған өзені, 4 класс – Жайық, Деркөл өзендері, нормаланбайды(>5класс): – Елек, Сарыөзен, Қараөзен өзендері.

7.5 Батыс Қазақстан облысының радиациялық гамма-фоны

Атмосфералық ауаның ластануының гамма сәулелену деңгейіне күнсайын жергілікті 2 метеорологиялық станцияларда (Орал, Тайпак) және Орал қаласының (№2, 3 ЛББ) мен Ақсай қаласының (№4 ЛББ) 3 автоматты бекеттерде бақылау жүргізілді (7.4 - сур.).

Облыстың елді-мекендері бойынша атмосфералық ауа қабатының жерге жақын қабатындағы радиациялық гамма-фонның орташа мәні 0,09 – 0,23 мкЗв/сағ. аралығында болды. Облыс бойынша радиациялық гамма- фонның орташа мәні 0,12 мкЗв/сағ., яғни шекті жол берілетін шамаға сәйкес келеді.

7.6 Атмосфераның жерге жақын қабатында радиоактивтердің түсу тығыздығы

Атмосфераның жерге жақын қабатында радиоактивтердің түсу тығыздығына бақылау облыс аумағында 2 метеорологиялық станцияда (Орал, Тайпак) ауа сынамасын горизонтальді планшеттер алу жолымен жүзеге асырылды (7.5-сур.). Барлық стансада бес тәуліктік сынама жүргізілді.

Облыс аумағында атмосфераның жерге жақын қабатында орта тәуліктік радиоактивтердің түсу тығыздығы 0,9 – 1,6 Бк/м² аралығында болды. Облыс бойынша радиоактивті түсулердің орташа тығыздығы 1,2 Бк/м², бұл шекті жол берілетін деңгейінен аспады.



7.4-сурет. Батыс Қазақстан облысының аумағындағы радиациялық гамма-фон мен радиоактивті түсулердің тығыздығын бақылау метеостансаларының орналасу сызбасы.

8 Қарағанды облысының қоршаған ортажай-күйі

8.1 Қарағанды қаласы бойынша атмосфералық ауаның ластану жай-күйі

Атмосфералық ауаның жай-күйіне бақылау 7 стационарлық бекетте жүргізілді (8.1-сур., 8.1-кесте).

8.1-кесте

Бақылау бекеттерінің орналасу орны мен анықталатын қоспалар

Бекет нөмірі	Сынама мерзімі	Бақылау жүргізу	Бекет мекен-жайы	Анықталатын қоспалар
1	тәулігіне 4 рет	қол күшімен алынған сынама(дискретті әдіс)	Стартовый, 61/7 бұрылысы, аэрологиялық станция, Қарағанды МС аумағы(ескі аэропорт аумағы)	Қалқыма бөлшектер (шаң), күкірт диоксиді, ерігіш сульфаттар, көміртегі оксиді, азот диоксиді, фенол
3	тәулігіне 3 рет		Ленин көшесі мен Бұқар-Жырау даңғылы 1 бұрышы	Қалқыма бөлшектер (шаң), күкірт диоксиді, көміртегі оксиді, азот диоксиді, формальдегид

4			Бирюзов көшесі, 15 (жаңа Майқұдық)	Қалқыма бөлшектер (шаң), күкірт диоксиді, көміртегі оксиді, азот диоксиді, фенол, формальдегид
7			Ермеков көшесі, 116	Қалқыма бөлшектер (шаң), күкірт диоксиді, көміртегі оксиді, азот диоксиді, азот оксиді, фенол
5	әр 20 минут сайын	үзіліссіз режимде	Мұқанов көшесі, 57/3	PM-2,5 қалқыма бөлшектері, PM-10 қалқыма бөлшектері, күкірт диоксиді, озон (жер беті), көміртегі оксиді, азот диоксиді, азот оксиді
6			Архитектурная 15/1, (Прокуратура аумағы)	PM-2,5 қалқыма бөлшектері, PM-10 қалқыма бөлшектері, күкірт диоксиді, көміртегі оксиді, күкіртті сутегі, көмірсутегі сомасы, метан, озон (жер беті), радиациялық гамма фон қуаттылығы
8			3-кочегарка көшесі (Пришахтинск)	PM-2,5 қалқыма бөлшектері, PM-10 қалқыма бөлшектері, күкірт диоксиді, көміртегі оксиді, азот диоксиді және оксиді, озон (жер беті), күкіртті сутегі, аммиак, көмірсутегісінің сомасы, метан



8.1-сурет. Қарағанды қаласының атмосфералық ауа ластануын бақылау стационарлық желісінің орналасу сызбасы

Атмосфераның ластануын жалпы бағалау. Стационарлық бақылау желісінің деректері бойынша (8.1-сур.) қаланың атмосфералық ауасы жалпы ластану деңгейі **жоғары** болып бағаланды, ол СИ=6 (жоғары деңгей) күкіртті сутегі бойынша №6 бекет аумағында (Архитектурная көшесі,15/1 уч.) және ЕЖҚ=6% (көтеріңкі деңгей) озон (жербеті) бойынша №5 бекет аумағында (Мұқанов көшесі, 57/3) мәндерімен анықталды (1,2 сур.).

**БҚ -ға сәйкес ЕЖҚ және СИ әр түрлі градацияға түскен жағдайда атмосфералық ауаның ластану дәрежесі ең үлкен мәні бойынша бағаланады.*

Орташа айлық шоғырлары бойынша: қалқыма бөлшектер (шаң) – 1,0ШЖШ_{о.т.}, азот диоксиді – 1,1ШЖШ_{о.т.}, озон (жербеті) – 1,4ШЖШ_{о.т.}, фенол – 1,9ШЖШ_{о.т.}, формальдегид – 1,6ШЖШ_{о.т.} құрады, басқа ластаушы заттар ШЖШ-дан аспады.

Максималды бір реттік шоғырлары бойынша: РМ 2,5 қалқыма бөлшектері – 2,5ШЖШ_{м.б.}, РМ 10 қалқыма бөлшектері – 1,5ШЖШ_{м.б.}, көміртегі оксиді – 1,2ШЖШ_{м.б.}, азот диоксиді – 1,6ШЖШ_{м.б.}, озон (жербеті) – 1,7ШЖШ_{м.б.}, күкіртті сутегі– 6,0ШЖШ_{м.б.} құрады, басқа ластаушы заттардың шоғырлары ШЖШ-дан аспады (1-кесте).

Атмосфералық ауаның жоғары ластану (ЖЛ) мен экстремалды жоғары ластануының (ЭЖЛ) жағдайлары кездескен жоқ.


8.2 Балқаш қаласы бойынша атмосфералық ауаның ластану жай-күйі

Атмосфералық ауаның жай-күйіне бақылау 4 стационарлық бекетте жүргізілді (8.2-сур., 8.2-кесте).

8.2-кесте

Бақылау бекеттерінің орналасу орны мен анықталатын қоспалар

Бекет нөмірі	Сынама мерзімі	Бақылау жүргізу	Бекет мекен-жайы	Анықталатын қоспалар
1	тәулігіне 3 рет	қол күшімен алынған сынама(дискретті әдіс)	«Сабитов» мөлтек ауданы (№ 16 орта мектебі аумағы)	Қалқыма бөлшектер (шаң), күкірт диоксиді, көміртегі оксиді, азот диоксиді.
3			Ленин-2 мен Әлімжанов көшелерінің бұрышы	№1,3 ЛББ (әр 10 күн сайын) кадмий, мыс, күшән, қорғасын, хром (Алматы қаласы, ХАЗБ-да анықталады)
4			Сейфуллин көшесі(аурухана қалашығы, СЭС ауданы)	Қалқыма бөлшектер (шаң), күкірт диоксиді, көміртегі оксиді, азот диоксиді, ерігіш сульфаттар
2	әр 20 минут сайын	Үзіліссізрежимде	Ленин көшесі, 10 үйден оңтүстікке қарай	РМ-2,5 қалқыма бөлшектері, РМ-10 қалқымабөлшектері, Күкірт диоксиді, көміртегі оксиді, азот оксиді және диоксиді, озон (жербеті), күкіртті сутегі, аммиак



8.2-сурет. Балқаш қаласының атмосфералық ауа ластануын бақылау стационарлық желісінің орналасу сызбасы

Атмосфералық ластануға берілетін жалпы сипаттама. Стационарлы бақылау жүйесінен алынған ақпарат бойынша (8.3.-сурет), атмосфералық ауаның ластану деңгейі **жоғары** болып бағаланды, ол СИ=6 (жоғары деңгей) күкіртті сутегі бойынша №2 бекет аумағында (Ленина көшесінде №10 үйдің төменірек) және ЕЖҚ=3% (көтеріңкі деңгей) күкірт диоксиді бойынша №1 бекет аумағында («Сабитов» мөлтек ауданы, №16 орта мектебі аумағы) мәндерімен анықталды (1,2 сур.).

**БҚ -ға сәйкес ЕЖҚ және СИ әр түрлі градацияға түскен жағдайда атмосфералық ауаның ластану дәрежесі ең үлкен мәні бойынша бағаланады.*

Орташа айлық шоғырлар бойынша: қалқыма бөлшектер (шаң) - 1,1ШЖШ_{о.т.}, РМ 2,5 қалқыма бөлшектері – 1,6ШЖШ_{о.т.}, РМ 10 қалқыма бөлшектері – 1,0ШЖШ_{о.т.}, озон (жербеті) – 1,4ШЖШ_{о.т.} басқа ластанушы заттар шоғырлар ШЖШ -дан аспады.

Максималды бір-реттік шоғырлар бойынша: күкірт диоксиді – 4,4ШЖШ_{м.б.}, күкіртті сутегі – 5,9ШЖШ_{м.б.}, қалқыма бөлшектер (шаң) – 1,8 ШЖШ_{м.б.}, РМ2,5 қалқыма бөлшектері– 4,5ШЖШ_{м.б.}, РМ 10 қалқыма бөлшектері– 2,4ШЖШ_{м.б.}, көміртегі оксиді – 1,4ШЖШ_{м.б.} құрады, басқа ластанушы заттардың шоғырлары ШЖШ-дан аспады (1-кесте).

Атмосфералық ауаның жоғары ластану (ЖЛ) мен экстремалды жоғары ластануының (ЭЖЛ) жағдайлары кездескен жоқ.


8.3 Жезқазған қаласы бойынша атмосфералық ауаның ластану жай-күйі

Атмосфералық ауаның жай-күйіне бақылау 3 стационарлық бекетте жүргізілді (8.3-сур., 8.3-кесте).

8.3-кесте

Бақылау бекеттерінің орналасу орны мен анықталатын қоспалар

Бекет нөмірі	Сынама мерзімі	Бақылау жүргізу	Бекет мекен-жайы	Анықталатын қоспалар
2	тәулігіне 3 рет	қол күшімен алынған сынама (дискретті әдіс)	Сарыарқа көшесі, 4П үй, тоқыма фабрикасының ауданы	Қалқыма бөлшектер (шаң), күкірт диоксиді, көміртегі оксиді, азот диоксиді, фенол
3			Желтоқсан көшесі, Жастар көшесі, 6 (Металлургтар алаңы)	Қалқыма бөлшектер (шаң), күкірт диоксиді, ерігіш сульфаттар, көміртегі оксиді, азот диоксиді, фенол
1	әр 20 минут сайын	үзіліссіз режимде	М.Жәлел көшесі, 4 «А/1»	PM-2,5 қалқыма бөлшектері, PM-10 қалқыма бөлшектері, азот диоксиді, азот оксиді, көміртегі оксиді, озон (жербеті), аммиак



8.3-сурет. Жезқазған қаласының атмосфералық ауа ластануын бақылау стационарлық желісінің орналасу сызбасы

Атмосфераның ластануын жалпы бағалау. Стационарлық бақылау желісінің деректері бойынша (8.3 сур.) қаланың атмосфералық ауасы ластану деңгейі **жоғары** болып бағаланды, ол $EЖҚ=48\%$ (жоғары деңгей) қалқыма бөлшектер (шаң) бойынша және $СИ=4$ (көтеріңкі деңгей) фенол бойынша №3 бекет аумағында (Желтоқсан көшесі, 6, Metallurgтар алаңы) мәндерімен анықталды (1,2 сур.).

*БК -ға сәйкес ЕЖҚ және СИ әр түрлі градацияға түскен жағдайда атмосфералық ауаның ластану дәрежесі ең үлкен мәні бойынша бағаланады.

Орташа айлық шоғырлар бойынша: қалқыма бөлшектер (шаң)– 3,0 ШЖШ_{0.т.}, озон (жербеті) – 1,7 ШЖШ_{0.т.}, фенол –2,3 ШЖШ_{0.т.} құрады, басқа ластаушы заттар шоғыры ШЖШ-дан аспады.

Максималды бір-реттік шоғырлар бойынша: қалқыма бөлшектер (шаң)– 1,8 ШЖШ_{м.б.}, көміртегі оксиді –1,3 ШЖШ_{м.б.}, фенол – 3,5 ШЖШ_{м.б.}, құрады, басқа ластаушы заттар шоғыры ШЖШ-дан аспады (1-кесте).

Жоғары ластану (ЖЛ) және экстремалды жоғары ластану (ЭЖЛ) жағдайлары тіркелген жоқ.


8.4 Саран қаласы бойынша атмосфералық ауаның ластану жай-күйі

Атмосфералық ауаның жай-күйіне бақылау 1 стационарлық бекетте жүргізілді (8.4-сур., 8.4-кесте).

8.4-кесте

Бақылау бекеттерінің орналасу орны мен анықталатын қоспалар

Бекет нөмірі	Сынама мерзімі	Бақылау жүргізу	Бекет мекен-жайы	Анықталатын қоспалар
2	әр 20 минут сайын	үзіліссіз режимде	Саран көшесі, 28а, орталық аурухана аумағында	PM-2,5 қалқыма бөлшектері, PM-10 қалқыма бөлшектері, көміртегі оксиді, азот диоксиді, күкірт диоксиді, азот оксиді, күкіртті сутегі, озон (жербеті)



8.4-сурет. Саран қаласының атмосфералық ауа ластануын бақылау стационарлық желісінің орналасу сызбасы

Атмосфераның ластануын жалпы бағалау. Стационарлық бақылау желісінің деректері бойынша (8.2-сур.) қаланың атмосфералық ауасы жалпы ластану деңгейі *төменгі* болып бағаланды, ол СИ=1 және ЕЖҚ=0% мәндерімен анықталды (1,2 сур.).

Орташа айлық және максималды бір-реттік шоғырлар бойынша ластаушы заттар шоғыры ШЖШ-дан аспады (1-кесте).

8.5 Теміртау қаласы бойынша атмосфералық ауаның ластану жай-күйі

Атмосфералық ауаның жай-күйіне бақылау 4 стационарлық бекетте жүргізілді (8.5-сур., 8.8-кесте).

8.5-кесте

Бақылау бекеттерінің орналасу орны мен анықталатын қоспалар

Бекет нөмірі	Сынама мерзімі	Бақылау жүргізу	Бекет мекен-жайы	Анықталатын қоспалар
3	тәулігіне 3 рет	қол күшімен алынған сынама (дискретті әдіс)	Димитров көшесі, 213	Қалқыма бөлшектер (шаң), күкірт диоксиді, ерігіш сульфаттар, көміртегі оксиді, азот оксиді және диоксиді, күкіртті сутегі, фенол, аммиак, сынап
4			6-шағын аудан («Опан» шоқысы, ішетін су резервуарының аумағы)	
5			3 «а» шағын ауданы (құтқару стансасының ауданы)	
2	әр 20 минут сайын	үзіліссіз режимде	Фурманов көшесі, 5	Қалқыма бөлшектер, РМ-2,5 қалқыма бөлшектері, РМ-10 қалқыма бөлшектері, күкірт диоксиді, көміртегі оксиді, азот оксиді және диоксиді, күкіртті сутегі, аммиак, көмірсутегісінің сомасы, метан, радиациялық гамма фон қуаттылығы



8.5-сурет. Теміртау қаласының атмосфералық ауа ластануын бақылау стационарлық желісінің орналасу сызбасы

Атмосфераның ластануын жалпы бағалау. Стационарлық бақылау желісінің деректері бойынша (8.5-сур.) қаланың атмосфералық ауасы жалпы ластану деңгейі **жоғары** болып бағаланды, ол $СИ=9,9$ (жоғары деңгей) күкірт диоксиді бойынша №2 бекет аумағында (Фурманов көшесі, 5) және $ЕЖҚ=19\%$ (көтеріңкі деңгей) фенол бойынша № 5 бекет аумағында (3 «а» шағын ауданы (құтқару станциясының ауданы)) мәндерімен анықталды (1,2 сур.).

**БҚ -ға сәйкес ЕЖҚ және СИ әр түрлі градацияға түскен жағдайда атмосфералық ауаның ластану дәрежесі ең үлкен мәні бойынша бағаланады.*

Орташа айлық шоғырлары бойынша: қалқыма бөлшектер (шаң) – $1,7ШЖШ_{0.т.}$, РМ-2,5 қалқыма бөлшектері – $1,1ШЖШ_{0.т.}$, фенол – $2,7ШЖШ_{0.т.}$ құрады, басқа ластанушы заттар шоғырлары ШЖШ-дан аспады.

Максималды бір реттік шоғырлары бойынша: қалқыма бөлшектер (шаң) – $2,0ШЖШ_{м.б.}$, РМ-2,5 қалқыма бөлшектері – $7,9ШЖШ_{м.б.}$, РМ-10 қалқыма бөлшектері – $4,2ШЖШ_{м.б.}$, күкірт диоксиді – $9,9 ШЖШ_{м.б.}$, көміртегі оксиді – $2,1ШЖШ_{м.б.}$, күкіртті сутегі – $6,5ШЖШ_{м.б.}$, фенол – $2,1ШЖШ_{м.б.}$ құрады, басқа ластанушы заттардың шоғырлары ШЖШ-дан аспады (1-кесте).

Жоғары ластану (ЖЛ) және экстремалды жоғары ластану (ЭЖЛ) жағдайлары тіркелген жоқ.

8.6 Қарағанды облысы аумағындағы жер үсті суларының сапасы

Қарағанды облысындағы жерүсті суларының ластануын бақылау 14 су нысанында жүргізілді: Нұра, Шерубайнұра, Соқыр, Қара Кеңгірөзендері, Көкпекті, Сарысу; Самарқан, Кеңгір су қоймалары, Балхаш көлі, Қорғалжын қорығының көлдері: Шолақ, Есей, Сұлтанкелді, Қоқай, Теңіз.

Нұра өзені Керегетас тауларынан бастау алып, үлкен Теңгіз көлімен қосылып жатқан Қорғалжын көлдері жүйесіне құяды. Өзен бастауын Қарағанды облысы аумағынан алып, Ақмола облысы арқылы ағып өтеді. Нұра өзенінде Самарқан

суқоймасы орналасқан. Шерубайнұра өзені – Нұра өзенінің оң жақ жағалауындады саласы. Кеңгір суқоймасы Қара Кеңгір өзенінде орналасқан, бұл өзен – Сарысу өзенінің оң жақ саласы болып табылады.

Бірыңғай жіктеу бойынша су сапасы келесідей бағаланады:

Нұра өзені:

- тұстама: «Ынтымақ ауылының автокөлік көпіріндегі Ынтымақ, 6км. төмен».

Су сапасы 4 класқа жатады: магний – 40,2 мг/дм³.

- тұстама: «Ботақара ауылының автокөлік көпіріндегі Ботақара, 2км. төмен».

Су сапасы 4 класқа жатады: магний – 44,0 мг/дм³.

- тұстама: «Балықты т.ж. стансасы». Су сапасы 3 класқа жатады: магний – 26,0 мг/дм³. Магнийдің нақты концентрациясы фондық кластан аспайды.

- тұстама: Теміртау қ. 0,1 км төмен, "Арселор Миттал Теміртау" АҚ және "ТЭМК" АҚ ағынды сулар арығынан 1 км жоғары. Су сапасы 3 класқа жатады: магний – 29,3 мг/дм³. Магнийдің нақты концентрациясы фондық кластан асады.

- тұстама: «Теміртау қ. 2,1 км төмен, «Арселор Миттал Теміртау» АҚ және «ТЭМК» АҚ ағынды сулар арығынан 1 км төмен». Су сапасы 4 класқа жатады: магний – 31,7 мг/дм³. Магнийдің нақты концентрациясы фондық кластан асады.

- тұстама: Садовое бөлімшесі, ауылдан 1 км төмен. Су сапасы 5 класқа жатады: Қалқымалы заттар – 31,5 мг/дм³. Қалқымалы заттардың нақты концентрациясы фондық кластан асады.

- тұстама: «Теміртау қ. 6,8 км төмен, «Арселор Миттал» АҚ және «ТЭМК» АҚ ағынды сулар арығынан 5,7 км төмен». Су сапасы 4 класқа жатады: магний – 37,0 мг/дм³, қалқыма заттар - 24,8 мг/дм³. Магнийдің нақты концентрациясы фондық кластан асады, қалқыма заттардың концентрациясы фондық кластан аспайды.

- тұстама: ЖанаТалап а., ауыл маңындағы авто-жол көпірі. Су сапасы 4 класқа жатады: магний – 39,7 мг/дм³. Магнийдің нақты концентрациясы фондық кластан асады.

- тұстама: Нұра өз, Ынтымақ су қоймасының жоғарғы ағыны, Су сапасы 4 класқа жатады: магний – 32,0 мг/дм³, қалқымалы заттар – 28,4 мг/дм³. Қалқыма заттардың нақты концентрациясы фондық кластан асады, магнийдің концентрациясы аспайды.

- тұстама: Ынтымақ су қоймасының Төменгі ағыны, плотинадан 100 м төмен; Су сапасы 5 класқа жатады: қалқыма заттар - 27 мг/дм³. Қалқыма заттардың нақты концентрациясы фондық кластан асады.

- тұстама: Ақмешіт а., ауылдың шегінде. Су сапасы 4 класқа жатады: магний – 38,3 мг/дм³, ОХТ – 30,8 мгО/дм³. Магний мен ОХТ нақты концентрациялары фондық кластан асады.

- тұстама: Нұра өз., Нұра қ., ауылдан 2,0 км төмен. Су сапасы нормаланбайды (>5 класс): қалқымалы заттар – 37,0 мг/дм³. Қалқыма заттардың нақты концентрациясы фондық кластан асады.

- тұстама: Нұра өз., Рахымжан Қошқарбаев а., ауылдан 5,0 км төмен. Су сапасы 4 класқа жатады: магний-49,7 мг/дм³, фенолдар – 0,002 мг/дм³. Магнийдің нақты концентрациясы фондық кластан асады.

- тұстама: Кендібай су құбыры ,6км Сабынды а. оңтүстік бойынша. Су сапасы 4 класқа жатады: қалқымалы заттар –49,8 мг/дм³. Қалқыма заттардың нақты концентрациясы фондық кластан асады.

- тұстама: Нұра өз., Қорғалжын а., ауылдан 0,2 км төмен. Су сапасы нормаланбайды (>5 класс): қалқымалы заттар –78,6 мг/дм³. Қалқымалы заттардың нақты концентрациясы фондық кластан асады.

Нұра өзенінің ұзындығы бойынша су температурасы 19,0 –25,6 °С шегінде белгіленген, сутегі көрсеткіші 6,70-8,21, судағы еріген оттегі концентрациясы – 7,16-11,0 мг/дм³, ОБТ₅–1,00-3,33 мг/дм³, түстілігі - 13-72,0 градус; иісі – 0 балл барлық тұстамаларда.

Нұра өзенінің ұзындығы бойынша судың сапасы 4 класқа жатады: магний – 38,7 мг/дм³.

Самаркан су қоймасы

-тұстама: Теміртау қ., плотинадан 7 км жоғары. Су сапасы 4 класқа жатады: магний – 42,1мг/дм³. Магнийдің нақты концентрациясы фондық кластан асады.

-тұстама: Теміртау қ. шегінде, су қоймасының оңтүстік жағалауынан жарма бойынша (ұзындығы) 0,5 км. Су сапасы 4 класқа жатады: магний – 40,7 мг/дм³. Магнийдің нақты концентрациясы фондық кластан асады.

Самаркан су қоймасы- бойынша су температурасы 19,0-23,4°С шегінде белгіленген, сутегі көрсеткіші 7,01-8,05, судағы еріген оттегі концентрациясы – 7,16-9,33 мг/дм³, ОБТ₅–1,33-2,83 мг/дм³, түстілігі - 40-51 градус; иісі – 0 балл барлық тұстамаларда.

Су сапасы 4 класқа жатады: магний – 41,4 мг/дм³.

Кеңгір су қоймасы бойынша су температурасы 22,8°С шегінде белгіленген, сутегі көрсеткіші 7,96, судағы еріген оттегі концентрациясы – 7,83 мг/дм³, ОБТ₅– 0,73 мг/дм³, түстілігі – 18 градус; иісі – 0 балл.

-тұстама :Кеңгір суқоймасы, Жезқазған қ., Қара Кеңгір өзенінен 0,1 км А 15. Су сапасы 2 класқа жатады: марганец – 0,051 мг/дм³, ОХТ – 16,7 мгО/дм³. ОХТ нақты концентрациясы фондық кластан асады, марганецтің концентрациясы аспайды.

Қара Кеңгір өзені:

- тұстама :«Жезқазған қ., қаланың шегінде, Кеңгір суқоймасының плотинасынан 0,2 км төмен, «ПТВС» АҚ ағынды сулар ағызудан 0,2 км. жоғары». Су сапасы 2 класқа жатады: марганец – 0,078мг/дм³, ОХТ – 16,2 мгО/дм³. Марганец пен ОХТ нақты концентрациялары фондық кластан асады.

- тұстама:«Жезқазған қ. шегінде, Кеңгір суқоймасының плотинасынан 4,7 км төмен, «ПТВС» АҚ ағынды сулар ағызудан 0,5 км. төмен». Су сапасы нормаланбайды (>5 класс): аммоний ион – 16,8 мг/дм³. Аммоний ионның нақты концентрациясы фондық кластан асады.

- тұстама:«Жезқазған қ. шегінде, Кеңгір суқоймасының плотинасынан 3,0 км төмен, «ПТВС» АҚ ағынды сулар ағызудан 5,5 км. төмен». Су сапасы нормаланбайды (>5 класс): аммоний ионы – 10,3 мг/дм³. Аммоний ионы концентрациясы фондық кластан асады.

Қара Кенгір өзенінің ұзындығы бойынша су температурасы 21,8-22,8°C шегінде белгіленген, сутегі көрсеткіші 7,08-7,69, судағы еріген оттегі концентрациясы 0,15-6,56 мг/дм³, ОБТ₅ –0,78-5,0 мг/дм³, түстілігі – 20-445 градус; иісі – 2 балл. Су сапасы нормаланбайды (>5 класс): аммоний ион- 9,10 мг/дм³.

Сарысу өзені:

-тұстама: «Сарысу с/о-нен 0,5 км». Су сапасы нормаланбайды (>5 класс): кальций - 579 мг/дм³, магний – 292 мг/дм³, минерализация -4721 мг/дм³, хлоридтер – 1926 мг/дм³.

-тұстама: «0,5 км дюкерден жоғары». Су сапасы нормаланбайды (>5 класс): кальций - 535мг/дм³, магний – 316 мг/дм³, минерализация -4796 мг/дм³, хлоридтер – 1861 мг/дм³.

- тұстама: «4,0 км. Дюкерден төмен». Су сапасы нормаланбайды (>5 класс): кальций - 557 мг/дм³, магний – 302 мг/дм³, минерализация -5184 мг/дм³, хлоридтер – 1978 мг/дм³.

Сарысу өзенінің ұзындығы бойынша су температурасы 18,8-20,0°C шегінде белгіленген, сутегі көрсеткіші 7,95-8,10, судағы еріген оттегі концентрациясы 6,00-7,29 мг/дм³, ОБТ₅ –0,50-0,61 мг/дм³, түстілігі – 35,42 градус; иісі – 1 балл барлық тұстамаларда.

Су сапасы нормаланбайды (>5 класс): кальций - 557 мг/дм³, магний – 303мг/дм³, минерализация- 4900 мг/дм³, хлоридтер –1888 мг/дм³.

Соқыр өзені:

- тұстама: «Соқыр өз., сағасы, Құрылыс а. маңындағы автожол көпірі». Су сапасы 4 класқа жатады: аммоний ионы- 1,28 мг/дм³, магний – 37,3 мг/дм³.

-тұстама: Қаражар а. маңындағы автожол көпірібойынша сағасы. Су сапасы нормаланбайды (>5 класс): аммоний ион– 10,7 мг/дм³, хлоридтер – 440 мг/дм³. Аммоний ионы мен хлоридтердің нақты концентрациясы фондық кластан асады.

Соқыр өз. - су температурасы 22,6-25,2 °С шегінде белгіленген, сутегі көрсеткіші 7,05-8,01 , судағы еріген оттегі концентрациясы 8,33-11,0 мг/дм³, ОБТ₅ –1,67-2,33 мг/дм³, түстілігі – 43-81 градус; иісі – 0 балл.

Су сапасы нормаланбайды (>5 класс): аммоний ион – 7,57 мг/дм³.

Шерубайнұра өзені:

-тұстама: Шерубайнұра өз., Шопа сағасы, Шопа а. шегінде. Су сапасы 2 класқа жатады: марганец – 0,030 мг/дм³, ОХТ – 19,2 мг/дм³.

-тұстама: Шерубайнұра өз., Қарағанды –Жезқазған автокөлікті мост трассасындағы Қара-мұрын ауылы. Су сапасы 3 класқа жатады: магний – 29,9 мг/дм³.

-тұстама: «Асыл а. 2,0 км төмен сағасындағы» тұстамасында су сапасы нормаланбайды (>5 класс): аммоний ион – 10,04 мг/дм³, хлоридтер – 429 мг/дм³. Хлоридтер мен аммоний- ион концентрациясы фондық кластан асады.

Шерубайнұра өз. - бойынша су температурасы 15,4-22,0°C шегінде белгіленген, сутегі көрсеткіші 7,60-8,13, судағы еріген оттегі концентрациясы 7,00-9,45 мг/дм³, ОБТ₅ –1,17-2,33 мг/дм³, түстілігі – 29-72 градус; иісі – 0 балл. Су сапасы нормаланбайды (>5 класс):аммоний ионы- 5,07 мг/дм³.

Көкпекті өзені - су температурасы 20,9-27,0 °С шегінде белгіленген, сутегі көрсеткіші 7,02-7,55, судағы еріген оттегі концентрациясы 7,69-9,66 мг/дм³, ОБТ₅ – 2,17-2,25 мг/дм³, түстілігі – 26-52 градус; иісі – 0 балл.

«Жұмыс кентінен 0,5 км төмен» тұстама: су сапасы 4 класқа жатады: магний – 44,5мг/дм³. Магнийдің нақты концентрациясы фондық кластан аспайды.

Қорғалжын қорығындағы (Қарағанды обл.) **Шолақ** көлінің су температурасы 24,6 °С шегінде белгіленген, сутегі көрсеткіші 7,61, судағы еріген оттегі концентрациясы 7,66 мг/дм³, ОБТ₅ – 2,84 мг/дм³, түстілігі – 35 градус; иісі – 0 балл. Су сапасы 4 класс жатады: магний – 43,4 мг/дм³. Магнийдің нақты концентрациясы фондық кластан асады.

Қорғалжын қорығындағы (Қарағанды обл.) **Есей** көлінің су температурасы 22,8 °С шегінде белгіленген, сутегі көрсеткіші 7,93, судағы еріген оттегі концентрациясы 8,50 мг/дм³, ОБТ₅ – 2,83 мг/дм³, түстілігі – 44 градус; иісі – 0 балл. Су сапасы 4 класс жатады: магний – 90,9 мг/дм³. Магнийдің нақты концентрациясы фондық кластан аспайды.

Қорғалжын қорығындағы (Қарағанды обл.) **Сұлтанкелді** көлінің су температурасы 21,0 °С шегінде белгіленген, сутегі көрсеткіші 7,83, судағы еріген оттегі концентрациясы 8,33 мг/дм³, ОБТ₅ – 2,83 мг/дм³, түстілігі – 23 градус; иісі – 0 балл. Су сапасы нормаланбайды (>5 класс): қалқымалы заттар – 31,6 мг/дм³. Қалқымалы заттардың нақты концентрациясы фондық кластан аспайды.

Қорғалжын қорығындағы (Қарағанды обл.) **Қоқай** көлінің су температурасы 22,9 °С шегінде белгіленген, сутегі көрсеткіші 8,10, судағы еріген оттегі концентрациясы 8,50 мг/дм³, ОБТ₅ – 2,83 мг/дм³, түстілігі – 37 градус; иісі – 0 балл. Су сапасы 4 класс жатады: магний – 55,6 мг/дм³. Магнийдің нақты концентрациясы фондық кластан аспайды.

Қорғалжын қорығындағы (Қарағанды обл.) **Теңіз** көлінің су температурасы 22,4 °С шегінде белгіленген, сутегі көрсеткіші 8,22, судағы еріген оттегі концентрациясы 8,83 мг/дм³, ОБТ₅ – 2,67 мг/дм³, түстілігі – 16 градус; иісі – 0 балл. Су сапасы нормаланбайды (>5 класс): кальций – 205 мг/дм³, магний – 1872 мг/дм³, минерализация – 26196 мг/дм³, сульфаттар- 3623 мг/дм³, хлоридтер – 13475 мг/дм³.

Балқаш көлі :

- тұстама: Зеленый аралынан 6,5 км А210 тұстамасында. Су сапасы 2 класқа жатады: ОХТ – 23,6мг/дм³. ОХТ нақты концентрациясы фондық кластан асады.

- тұстама ЖЭО су түсіру аймағы 1,2 км А107 тұстамасында: су сапасы 4 класқа жатады: ОХТ – 33,9мг/дм³. ОХТ нақты концентрациясы фондық кластан асады.

- тұстама ЖЭО су түсіру аймағы 1,2 км А107 тұстамасында дно. Су сапасы 1 класқа жатады.

- тұстама: тұстама ЖЭО су түсіру аймағы 3,1 км А107 тұстамасында: су сапасы 2 класқа жатады: ОХТ – 25,4 мг/дм³. ОХТ нақты концентрациясы фондық кластан асады.

- тұстама: тұстама ЖЭО су түсіру аймағы 3,1 км А107 тұстамасында : су сапасы 2 класқа жатады: ОХТ – 22,1 мг/дм³. ОХТ нақты концентрациясы фондық кластан асады.

- тұстама: ОГП солтүстік жағажайдан 8,0 км А175 тұстамасында: су сапасы 2 класқа жатады: ОХТ – 25,2 мг/дм³. ОХТ нақты концентрациясы фондық кластан асады.

- тұстама: ОГП солтүстік жағажайдан 8,0 км А175 тұстамасында дно. Су сапасы 2 класқа жатады: ОХТ – 24,0 мг/дм³. ОХТ нақты концентрациясы фондық кластан асады.

- тұстама: ОГП солтүстік жағажайдан 20,0 км А175 тұстамасында: су сапасы 1 класқа жатады.

- тұстама: ОГП солтүстік жағажайдан 20,0 км А175 тұстамасында. Су сапасы 4 класқа жатады: ОХТ – 34,3 мг/дм³. ОХТ нақты концентрациясы фондық кластан асады.

- тұстама: ОГП солтүстік жағажайдан 38,5 км А175 тұстамасында. Су сапасы 2 класқа жатады: ОХТ – 29,1 мг/дм³. ОХТ нақты концентрациясы фондық кластан асады.

- тұстама: Балқаш Балық 1,0 км А128 тұстамасында. Су сапасы 2 класқа жатады: ОХТ – 25,4 мг/дм³. ОХТ нақты концентрациясы фондық кластан асады.

- тұстама: Балқаш Балық 2,3 км А128 тұстамасында. Су сапасы 1 класқа жатады.

- тұстама: Хвосты БЦМ 0,7 км А130 тұстамасында. Су сапасы нормаланбайды (>5 класс): ОХТ – 35,2 мг/дм³. ОХТ нақты концентрациясы фондық кластан асады.

- тұстама: Хвосты БЦМ 2,5 км А130 тұстамасында. Су сапасы 2 класқа жатады: ОХТ – 20,8 мг/дм³. ОХТ нақты концентрациясы фондық кластан асады.

Балқаш көлінің Караганда обл. ұзындығы бойынша су температурасы 23,8 – 25,4 °С шегінде белгіленген, сутегі көрсеткіші 8,47-8,73, судағы еріген оттегі концентрациясы – 5,38 – 7,09 мг/дм³, ОБТ₅ – 0,44-1,01 мг/дм³, түстілігі - 8 – 60 градус; иісі – 0 балл барлық тұстамаларда.

Балқаш көлінің ұзындығыда судың сапасы 2 класқа жатады: ОХТ – 23,88 мг/дм³.

Қарағанды облысы аумағындағы 2019 жылғы тамыз айы бойынша су объектілерінің сапасы Бірыңғай жіктеме бойынша келесідей бағаланды: 2 класс: Кенгір суқоймасы, Балхаш көлі; 4 класс- Нұра, Көкпект өзендері, Самарқан суқоймасы; Шолақ, Есей, Қоқай (Қорғалжын қорығы) көлдері; нормаланбайды (>5класс): Соқыр, Шерубайнұра, Сарысу, Қара Кенгір өзендері, Теңіз (Қорғалжын қорығы), Сұлтанкелді көлдері (4 кесте).

8.7 Ихтиологиялық мониторинг. Балық терісіндегі сынаптың құрамы

2019 жылдың тамыз айында Нұра (Балықты т/ж стансасы), Самарқан және Ынтымақ су қоймаларында ихтиологиялық сынама алынды. Барлығы 3 жылтан 5 жылдыкка дейін 4 түрлі 30 дара ағзалар алынды (8.6 кесте).

Балық етіндегі сынап мөлшерінің шекті жол берілген шоғыры:

- 0,3 мг/кг –жыртқыш емес тұщы судағы балық,
- 0,6 мг/кг - жыртқыш тұщы судағы балық.
- Балық етіндегі сынаптың мөлшерімүлдем болмауынан 0,16 мг/кг дейін

болды.

Ынтымақ су қоймасындағы жыртқыш емес тұщы судағы балықтағы сынаптың максималды мөлшері 0,052 мг/кг, жыртқыш балық сынамасында 0,10 мг/кг - 0,16 мг/кг.

Нұра өзені, Балықты т/ж стансасы тұстамасындағы жыртқыш емес балығындағы жалпы сынаптың ең үлкен мөлшері 0,053 мг/кг құрады, жыртқыш емес балық сынамасында– мүлдем болмады.

Самарқан су қоймасындағы жыртқыш емес тұщы су балығындағы жалпы сынаптың ең үлкен мөлшері 0,021 мг/кг, жыртқыш балық сынамасында– 0,054 мг/кг (8.6 –кесте).

**2019 жылғы тамыздағы кәсіптік балықтар терісіндегі сынаптың мөлшері
(морфометриялықсипаты, сынамадағы жалпы сынаптың шоғыры)**

8.6-кесте

N р/с	Түр атауы	L, см	Q, г	жасы, жыл	Сынап мөлшері, мг/кг
Нұра өзені, Балықты теміржол стансасы (тамыз)					
1	Өзеналабұғасы*	17,6	113,0	3+	0,045
2	Өзеналабұғасы*	18,0	110,0	3+	0,042
3	Өзеналабұғасы*	21,0	130,0	5+	0,050
4	Өзеналабұғасы*	23,0	136,0	5+	0,053
5	Торта балық	13,8	41,0	3+	<0,005
6	Торта балық	13,6	40,5	3+	<0,005
7	Торта балық	13,0	37,7	3+	<0,005
8	Табан балық	18,2	157,0	3+	<0,005
9	Табан балық	17,5	152,0	3+	<0,005
10	Табан балық	26,7	405,0	4+	<0,005
Самарқан су қоймасы (мамыр)					
11	Табан балық	21,0	318,0	4+	0,019
12	Табан балық	24,5	358,0	4+	0,021
13	Табан балық	24,8	360,0	4+	0,020
14	Табан балық	16,7	150,0	3+	0,010
15	Табан балық	17,5	149,0	3+	0,012
16	Табан балық	16,9	162,0	3+	0,016
17	Өзеналабұғасы*	18,4	118,0	3+	0,054
18	Өзеналабұғасы*	19,5	117,0	3+	0,040
19	Торта балық	14,0	39,0	3+	0,012
20	Торта балық	15,0	47,0	3+	0,011
Ынтымақ су қоймасы (мамыр)					
21	Табан балық	27,0	430,0	4+	0,078

№ р/с	Түр атауы	L, см	Q, г	жасы, жыл	Сынап мөлшері, мг/кг
22	Табан балық	32,2	540,0	4+	0,086
23	Бозша мөңке	21,0	270,0	4+	0,069
24	Бозша мөңке	24,0	295,0	4+	0,052
25	Бозша мөңке	25,0	317,0	5+	0,082
26	Өзеналабұғасы*	17,0	97,0	3+	0,14
27	Өзеналабұғасы*	20,0	118,0	3+	0,16
28	Өзеналабұғасы*	19,0	107,0	3+	0,11
29	Өзеналабұғасы*	19,2	110,0	3+	0,10
30	Өзеналабұғасы*	20,2	115,0	3+	0,10

8.8. ГИДРОБИОЛОГИЯЛЫҚ КӨРСЕТКІШТЕРІ БОЙЫНША ЖЕР ҮСТІ СУЛАРЫНЫҢ САПАСЫНА АНЫҚТАМА

Нұра өзені

Фитопланктон жақсы дамыды. Диатомды балдырлар - 32%, жасыл балдырлар - 54%, көк-жасыл балдырлар - 14% жалпы биомассасын құрады. Өзге балдыр түрлері кездеспеді. Су сынамасындағы түрлер саны 17-26 аралығында болып, орташа сан 23 көрсетті. Альгофлораның жалпы саны 0,76 мың кл/см³, жалпы биомассасы 0,087 мг/дм³ тең болды. Жоғары сапроб индексі Нұра ауылы тұстамасында көрсетіп, 1,97 құрады. Орташа сапроб индексі 1,87, яғни үшінші класқа сәйкес орташа ластанған су сапасын көрсетті.

Зоопланктон орташа дамыды. Су сынамасында топтардың барлық түрлері әртүрлі пайыздық қатынаста кездесті. Талшықмұртты шаяндар басым болып, жалпы планктон санының 74%, ескекаяқты шаяндар 25% көрсетіп, жалпы зоопланктон санын құруға қатысты. Домалақ құрттар 1% ғана кездесті. Жалпы орташа саны 2,22 мың дана/м³, ал биомассасы 23,16 мг/м³ құрады. Сапроб индексі 1,57 – 1,85 аралығында болып, өзен бойынша орташа сан 1,74 құрады. Зоопланктон жағдайына байланысты, су класы - 3, орташа ластанған су сапасын көрсетті.

Нұра өзенінің перифитонның түрлік құрамы әртүрлі болды. Диатомды, жасыл, көк-жасыл, эвгленалы, сонымен қатар тамыраяқтылар мен кірпікшелі инфузориялардың түрлері кездесті. Зерттеу нәтижесіне сәйкес ластанған аймақтарға Теміртау қаласы, "бірлескен ағынды сулар шығарылымынан 1 км төмен..." және "Жана Талап" ауылы тұстамалары (2,22;2,13) жатады. Сапроб индексі 1,72 – 2,22 аралығында болды. Орташа сапроб индексі 1,97. Су класы - 3, орташа ластанған су сапасын көрсетті.

Нұра өзенінің түпкі фаунасы қалыпты дамып, ұлулар (Bivalvia және Gastropoda), жәндік дернәсілдері (Insecta), сүліктер (Hirudinea), шаянтәрізділер (Crustacea) кластарының өкілдерінен құралды. Зообентостың негізін β-мезосапробты организмдер, полисапробты және олигосапробты организмдер сирек кездесті. Орташа биотикалық индексі 5 тең болды. Су класы - 3, орташа ластанған су сапасын көрсетті.

Биотестілеу қорытындысы бойынша тірі қалған дафниялардың бақылауға қатынасы бойынша пайызы – 99,4% болды. Тест-көрсеткіш – 0,6% көрсетті. Алынған мәліметтерге сәйкес өзені суы тест-нысанға уытты әсер етпейді.

Шерубайнұра өзені

Фитопланктон орташа дамыды. Диатомды балдырлардың 83%, ал жасыл балдырлардың 17% жалпы биомассаны құруға қатысты. Жалпы саны 1 мың дана/м³, жалпы биомассасы – 0,047 мг/дм³. Су сынамасындағы түрлер саны – 13. Сапроб индексі - 2,3. Су класы - 3, орташа ластанған су сапасын көрсетті.

Зоопланктон бірлестігі зерттелген су сынамасында 4 түрімен ұсынылды. Басты рөлді талшық мұртты шаяндар құрап, жалпы зоопланктон санының 50% құрады. Ескекақтылар 17%, домалақ құрттар 33% көрсетті. Жалпы саны 1,5 мың дана/м³, ал биомассасы 13,6 мг/м³ құрады. Сапроб индексі 1,92 құрады. Су класы - 3, орташа ластанған су сапасын көрсетті.

Перифитон бірлестігі диатомды, жасыл және эвгленалы балдырлардан құралды. Диатомды балдырлардан *Cyclotella meneghiniana*, *Gyrosigma acuminatum*, *Stephanodiscus hantzschii* басымдылық танытты. Жасыл балдырлардан: *Coelastrum microporum* және *Cosmarium formulosum*; ал эвгленалы балдырлардан – *Euglena spirogyra*, *Phacus pleuronectes* кездесті. Сапроб индексі 2,14. Су сапасының класы – үшінші класқа сәйкес болды.

Өткір уыттылықты анықтау үрдісі кезінде тест-нысанның уыттылық әсері байқалмады.

Өлген дафниялардың бақылауға қатынасы бойынша пайызы 3% тең болды.

Қара Кеңгір өзені

Фитопланктон орташа дамыды. Диатомды балдырлар басым болып, жалпы биомассаның 50% құрады. Жалпы саны мен биомассасы 0,28 мың кл/см³, 0,028 мг/дм³. Сынамадағы түрлер саны – 11. Өзен бойынша орташа сапроб индексі – 1,92, яғни үшінші класқа сәйкес орташа ластанған су сапасын көрсетті.

Зоопланктон сынамасы орташа дамыған. Талшықмұртты шаяндар басым болып болып, жалпы зоопланктон санының 57% құрады. Ескекақтылар үлесіне 43% тиді. Домалақ құрттар кездеспеді. Орташа жалпы саны 2,0 мың дана/м³, биомассасы 50,26 мг/м³. Сапроб индексі – 2,25, яғни орташа ластанған су сапасын көрсетті.

Биотестілеу кезінде өзен бойынша тірі қалған дафниялар саны 100% көрсетті. Тест-көреткіш 0%. Зерттелінген өзен суы тест-нысанға уытты әсер етпейді.

Самарқан су қоймасы

Фитопланктон жақсы дамыды. Диатомды (46%), жасыл (45%) және көк-жасыл (9%) балдырлар кездесті. Жалпы саны 0,58 мың кл/см³, биомассасы 0,056 мг/дм³. Су сынамасындағы түрлер саны – 22. Сапроб индексі 1,78, яғни, үшінші класқа сәйкес, орташа ластанған су сапасын көрсетті.

Зоопланктон орташа дамыды. Талшықмұртты шаяндар басымдылық танытып, жалпы зоопланктон санының 100% құрады. Жалпы орташа саны 0,25 мың дана/м³, ал биомассасы 2,75 мг/м³. Сапроб индексі 1,75, яғни, орташа ластанған су сапасын көрсетті.

Перифитон диатомды, жасыл және көк-жасыл балдырлардан құралды. Диатомды балдырлардан *Amphora*, *Symbella*, *Gyrosigma* түрлерінің туыстары басымдылық танытты. Басқа топ балдырларының кездесу жиілігі 1-ге тең. Сапробиологиялық талдауға сәйкес, β-мезосапробты организмдер көп кездесті. Сапроб индексі 1,79, су класы – үшінші, орташа ластанған.

Зообентосты зерттеу кезінде су сынамасында бүйіржүзгіштер (*Gammarus pulex*) мен ұлулар (*Bivalvia* және *Gastropoda*): *Sphaerium corneum* мен *Lymnaea peregra* кездесті. Вудивиссу бойынша биотикалық индекс – 5. Су класы – 3.

Су қоймадағы суға биотестілеу кезінде тірі қалған дафниялардың саны бақылауға қатынасы бойынша 93% құрады. Тест – көрсеткіш 7% тең. Алынған мәліметтер тест-нысанға уыттың әсер етпейтіні анықталынды.

Кенгір су қоймасы

Фитопланктон орташа дамыды. Диатомды балдырлар басымдылық көрсетті. Жалпы орташа саны 0,18 мың кл/см³, ал биомасса 0,023 мг/дм³ болды. Сапроб индексі 1,76. Су класы – 3, орташа ластанған су сапасын көрсетті.

Зоопланктон орташа дамыды. Ескекаяқтылар басымдылық танытып, жалпы зоопланктонның 99,5% , ал талшық мұрттылар 0,5% құрады. Домалақ құрттар кездеспеді. Орташа саны 1,76 мың дана/м³, биомассасы 16,28 мг/м³. Сапроб индексі 1,76, су класы – үшінші, яғни орташа ластанған.

Тірі қалған дафниялар саны 100% құрады. Тест – көрсеткіш 0% тең. Су қоймадағы биотестілеу нәтижесіне сәйкес зерттелген су тест-нысанға уытты әсер етпейді.

Қорғалжын көлдері

Шолақ көлі

Фитопланктонда жасыл балдырлар басым болып, жалпы биомассаның 36% құрады. Диатомды балдырлар 29%, көк-жасыл балдырлар 35% биомассаны құруға қатысты. Альгофлораның жалпы орташа саны 0,48 мың дана/м³, ал биомассасы 0,055 мг/м³, су сынамасындағы түрлер саны – 17. Сапроб индексі 1,91, яғни, 3 класс , орташа ластанған су сапасын көрсетті.

Зоопланктон бірлестігі орташа дамыған. Ескекаяқтышаяндар шаяндар басым болып, 100% зоопланктонның жалпы санын құрады. Жалпы саны 1,63 мың дана/м³, биомассасы 50,0 мг/м³. Бета-мезосапробты организмдер басым болды. Сапроб индексі 1,77. Зерттелген аймақ орташа ластанған су сапасын қамтыды.

Перифитон бірлестігі орташа дамыды. Кездесу жиілігі 1-2 болатын, диатомды, жасыл, көк-жасыл және эвгленалы балдырлар басымдылық танытты. Сапроб индексі 2,24. Су класы – үшінші.

Зообентостың құрамы ұлулардан, шаянтәрізділерден және жәндік дернәсілдерінен құралды. Ұлулардың ішінен *Lymnaea auricularia* (β-2,15), *L.peregra* и *L.stagnalis*(β-1,85) басымдылық танытты. Шаянтәрізділерден *Gammarus pulex* (χ-β-0,65), ал жәндік дернәсілдерінен *Nymphyla nymphaeata* кездесті. Биотикалық индексті анықтау барысында, зерттелген аймақ орташа ластанған су сапасын көрсетті.

Есей көлі

Фитопланктон орташа дамыды. Диатомды балдырлар сан және биомассасы жағынан басымдылық танытып, жалпы биомассаның 49% құрады. Жалпы саны 0,26 мың дана/м³, ал биомассасы 0,034 мг/м³. Сынамадағы түр саны – 15. Орташа сапроб индексі 1,94, яғни, орташа ластанған су сапасын көрсетті.

Зоопланктон орташа дамыды. Талшықмұртты шаяндар басымдылық танытып, жалпы зоопланктон санының 62% құрады. Ескекаяқты шаяндар үлесіне 38% тиді. Жалпы саны 1,38 мың дана/м³, биомассасы 13,75 мг/м³. Бета-мезасапробты организмдер басым болды. Сапроб индексі 1,72. Зоопланктон жағдайына байланысты су сапасы орташа ластанған.

Перифитон нашар дамып, балдырлардың барлық топ өкілдері кездесті. Кездесу жиілігі 1-2, яғни өте сирек кездесті. Орташа сапроб индексі 1,73, яғни, 3 класс орташа ластанған су сапасы.

Есей өзенінің бентос құрамы ұлулардан (*Bivalvia* және *Gastropoda*) ғана құралды. *Bivalvia* (қосжақтаулылардан) *Anodonta cygnea*, бауыраяқтылардан – *Planorbidae* (катушки) тұқымдасының: *Planorbis carinatus*, *Pl.complanata* және *Pl.vortex* кездесті. Вудивиссу бойынша биотикалық индекс - 5. Су класы – үшінші.

Сұлтанкелді көлі

Фитопланктон орташа дамыған. Саны мен биомасса жағынан диатомды балдырлар басым түсті. Олар жалпы биомассаның 49% құрады. Орташа жалпы саны 0,26 мың дана/м³, ал биомассасы 0,034 мг/м³. Түрлер саны – 15. Сапроб индексі 1,94. Фитопланктон жағдайына байланысты, су сапасы орташа ластанған.

Есептегі айда зоопланктон бірлестігі орташа дамыған. Су сынамасында шаяндар ғана кездесті. Ескекаяқтылар жалпы зоопланктон санының 73%, талшықмұрттыларға 27% тиді. Сынамадағы орташа түр саны – 3. Зоопланктон саны 0,88 мың дана/м³, биомассасы 7,04 мг/м³. Сапроб индексі 1,59-1,70 аралығында болып, орташа сапроб индексі 1,65 көрсетті. Жалпы көл бойынша су сапасы орташа ластанған, 3 класты көрсетті.

Перифитон құрамы әртүрлі, жақсы дамыған. Диатомды, жасыл, көк-жасыл және эвгленалы балдырлардан құралды. Диатомды балдырлардан *Fragilaria*, *Stauroneis*, *Synedra*; жасыл балдырлардан: *Ankistrodesmus*, *Cosmarium*, *Rhizoclonium*, *Spirogira* және тағы басқалары. Көк-жасыл балдырлардан: *Chroococcus*, *Gomphosphaeria*, *Nodularia*; эвгленалылардан: *Euglena*, *Phacus* және *Trachelomonas* түрлері басымдылық танытты. Сонымен қатар, су сынамасында кездесі жиілігі 1-2 болатын тамыраяқтылар (*Rhizopoda*) мен кірпікшелі инфузориялар (*Ciliata*) кездесті. Сапроб индексі 1,81, яғни, 3 класс орташа ластанған су сапасын көрсетті.

Зообентос бауыраяқты ұлулардың (*Gastropoda*) тоспа ұлу *Lymnaeidae* және катушкалар (*Planorbidae*) тұқымдасы басымдылық танытты. Сонымен бірге су сынамасында жәндік дернәсілі – қандала (*Hemiptera*) *Planorbis* кездесті. Биотикалық индекс – 5. Су класы үшінші.

Қоқай көлі

Фитопланктон орташа дамыған. Жасыл балдырлар басым болып, жалпы биомассаның 51% құрады. Жалпы орташа саны 0,11 мың кл/см³, жалпы

биомассасы $0,027 \text{ мг/дм}^3$ тең болды. Сынамадағы түр саны - 11. Сапроб индексі 1,81. Су класы – үшінші, орташа ластанған су сапасын көрсетті.

Зоопланктон орташа дамыды. Су сынамасында сан жағынан талшықмұртты шаяндар басым болып, жалпы зоопланктон санының 52% құрады. Ескекаяқтылар 48% құрады. Бұл кезеңде орташа саны $2,13$ мың дана/ м^3 , биомассасы $22,12 \text{ мг/м}^3$. Сапроб индексі 1,53 – 1,64 аралығында болып, су сапасы үшінші класқа сәйкес болды.

Перифитонның негізін диатомды балдырлардың *Cymbella*, *Epithemia*, *Nitzschia* туыстарынан құралды. Жасыл және көк-жасыл балдырлар бір данадан кездесті. Сапроб индексі 1,85. Су класы - 3, орташа ластанған су сапасын көрсетті.

